

1999 ж. шыға бастады

Тіркелген куәлік № 13395-Ж
Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
22.02.2013 ж. берген

Редакция алқасы

Н.Л. Сейтахметова (бас редактор)
С.Е. Бейсбаев (шеф-редактор)
А. Сағиқызы (бас редактордың
орынбасары)
А.Қ. Бижанов
К.Н. Бұрханов
Т.Х. Ғабитов
С.Ю. Колчигин
М.К. Бектенова
З.К. Шәукенова
М.С. Шәйкемелев
Ш.М. Жандосова
Л.Н. Тоқтарбекова (жауапты хатшы)

Редакционная коллегия

Н.Л. Сейтахметова (главный
редактор)
С.Е. Бейсбаев (шеф-редактор)
А. Сағиқызы (зам. главного
редактора)
А.Х. Бижанов
К.Н. Бурханов
Т.Х. Ғабитов
С.Ю. Колчигин
М.К. Бектенова
З.К. Шаукенова
М.С. Шайкемелев
Ш.М. Жандосова
Л.Н. Тоқтарбекова (отв. секретарь)

Регистрационное свидетельство
№ 13395-Ж выдано Комитетом
информации и архивов
Министерства культуры
и информации Республики
Казахстан 22.02.2013 г.

Издается с 1999 года

**ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-
ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖУРНАЛ**

Адам әлемі

**ФИЛОСОФСКИЙ И ОБЩЕСТВЕННО-
ГУМАНИТАРНЫЙ ЖУРНАЛ**

1 (79)·2019

**Халықаралық редакциялық кеңес
Международный редакционный совет**

Нысанбаев А.Н. (кеңес төрағасы, Қазақстан)
Зияуддин Сардар (Великобритания)
Фиерман У. (АҚШ)
Халилов С. (Әзірбайжан)
Мехди Санаи (Иран)
Жумагулов М. (Қырғызстан)
Зотов А.Ф. (Ресей)
Лекторский В.А. (Ресей)
Тощенко Ж.Т. (Ресей)
Кенан Гюрсой (Түркия)
Шермухамедова Н.А. (Өзбекстан)

ЖАҢҒЫРТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУЛЫҚ ДИСКУРС • КАЗАХСТАН В МОДЕРНИЗАЦИОННЫХ ПРОЦЕССАХ: ФИЛОСОФСКИЕ И ПОЛИТОЛОГИЧЕСКИЕ ДИСКУРСЫ

Бижанов А.Қ., Нұрмұратов С.Е.	Халықтың тарихи санасының өзекті мәселелері.....	3
Исмагамбетов Т.Т., Мейрбеков С.К., Нысанбек У.М., Нысанова Н.Т.	Социально-экономические и политико-правовые аспекты формирования казахстанской идентичности.....	15
Abdulina N., Abisheva A.	Role of Global and Kazakh Cultural Values in Formation of Y-Generation.....	26
Байпаков М.К.	Государство как главный социальный институт.....	38
Елікбаев Н.	Қазақстан қоғамының жаңғыру жағдайындағы экономикалық психология.....	53

**ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ •
СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОСОФИИ**

Жусупова Б.	Эпистемологический «диссонанс» классического и неклассического социально-философского дискурсов (методологический контекст).....	63
Нүсіпова Г.	Қазақ философиясындағы еркіндік идеясы.....	75
Ашкеева Н., Апашов С., Ашекеева Қ.	Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларындағы тілдің философиялық мәселелері.....	88
Шакирова Р., Коянбаева Г.	Тюркские основания духовной культуры Казахстана.....	97

**ДИНТАНУЛЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР •
РЕЛИГИОВЕДЧЕСКИЕ И ИСЛАМОВЕДЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ**

Abdilkhakim B.	The Process of Islamization of the Turks in the Middle Sirdarya Basin and Role of the Sufism (Islamic Mysticism) in it.....	108
Сатыбалдиева А., Исахан М., Шағырбаев А.	Мәураннахрда ханафи мектебінің пайда болуының саяси астарлары және оның даму себептері.....	124
Таирова Б.Л., Рахметова Ж.А.	Ғылым, білім мен діннің адамзат мәдениетінде алатын орны.....	135
Сапаров Б.	Қазақстандағы конфессияаралық қатынастардың қағидаттары.....	148
Джалилов З., Батырхан Б.	Общественно-политические кризисы и исламская оппозиция в Иране: исторический дискурс.....	154

МЕРЕЙТОЙЛАР, МЕЗГІЛДЕР, ОҚИҒАЛАР • ЮБИЛЕИ, ДАТЫ, СОБЫТИЯ

Данилов А.	«Важно, чтобы работа не прекращалась...» (на смерть академика В.С. Степина).....	166
Ғалымның мерейтойы.....		172
Сартаева Раушан Сұлтанқызының мерейтойы.....		173
БІЗДІҢ АВТОРЛАР • НАШИ АВТОРЫ.....		174

*Ақмарал Сатыбалдиева, Мұхан Исахан,
Алмасбек Шағырбаев (Алматы, Қазақстан)*

МӘУРАННАХРДА ХАНАФИ МЕКТЕБІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ САЯСИ АСТАРЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ СЕБЕПТЕРІ

Аннотация. Орталық Азияға алғашқыда ислам діні әртүрлі мәзһабтар мен халифат ұстанған діни бағыттар арқылы таралғанымен, VIII-X ғасырларда самани және қарақан мемлекеттері дәуірінде саяси қолдаулардың арқасында ханафи мектебі салтанат құра бастады. Ирактағы Куфа қаласында Имам Ағзам Әбу Ханифа негізін қалаған бұл діни мектептің Мәураннахр топырағына жерсінуіне бірнеше оңтайлы факторлар әсер етті. Әдепкіде, әмауи династиясы билеушілерінің ханафи мәзһабы өкілдерін сот төрелігіне тағайындауы, бұл діни мектептің өркен жаюына мүмкіндік тудырды. Себебі, исламдағы қазылық жүйе қоғамдық қатынастарды реттейтін бірегей институт еді. Осы функцияны дербес атқаруды қолға алған ханафи өкілдерінің құқықтық әрі теологиялық ұстанымдары Орталық Азияда доминанттық күшке ие бола бастады. Сонымен қатар, ханафи мәзһабындағы жергілікті әлеуметтік, экономикалық алғышарттар мен әдет-ғұрыптардың негізінде құқықтық үкім беру ерекшеліктері де бұл мәзһабтың Маураннахр топырағында кең қанат жаюына екіпінді ықпал етті.

Түйін сөздер: ислам, мәзһаб, ижтихад, үкім, шарифат, сот, қазы, қияс, урф, әдет, хила.

Кіріспе

Орталық Азияға VIII-X ғасырларда Орталық Азияға Ислам діні кайсани-мубайди, кармати, муғтазила, исмайли, ниматуллаһшылар, бабекші, нұрбахшы, шафиғи және т.б. діни ағымдар арқылы таралды. Әйткенмен, Орталық Азияда Қарақан әулеті билік құрған тұста (X ғасыр) түркілер жоғарыдағы діни ағымдардың бәрін тәрк етіп, ханафи мәзһабын ұстанды. Өйткені, ислам діні ханафи мәзһабы өкілдерінің діни қызметінің арқасында Орталық Азияға нық орнықты. Бірақ, ханафи мәзһабының Мәураннахр аумағына таралып, орнығуы ұзақ уақытқа созылды. Оның бұлайша ұзаққа созылуының әртүрлі геосаяси, әлеуметтік, діни һәм ділдік себептері бар еді.

Имам Ағзам құқық мектебінің кейбір өңірлерге жедел таралуына мемлекет басшыларының саяси қолдауы ықпал етсе, кейде керісінше саяси кедергілер орын алып отырды. Кейде діни бәсекелестік һәм мәзһабаралық талас-тартыстар және т.б. әртүрлі факторлар Ханафи мәзһабының дамуын тежеді. Дегенмен, Куфа мектебі өкілдерінің VIII-IX ғасырларда Қорасан және Мәураннахр қалаларында белсенді діни (қазы) қызмет атқаруы, аймақта Ханафи мәзһабының шоқтығы биік болуына бірден-бір әсер еткен негізгі фактор еді.

Зерттеу әдістері

Ислам дінінің Орталық Азия мен Дешті-Қыпшақ даласына таралу тарихын зерделеуде ортағасырлық араб деректеріне қатысты зерттеушілердің тұжырымдалған әрі ғылыми сарапталған ой-қорытындыларының маңыздылығын ашып көрсету аса маңызды. Осы мақсатқа жетуде зерттеудің міндеттерін негізгі арналарға жүйелеп, ислам дінінің Орталық Азияға таралуының тарихи келбеті, ондағы тарихи үдерістер мен саяси келісімдер, рухани үйлесімділіктердің мәнін ашу, түсіндіру, Орталық Азиядағы алғашқы ислам мемлекеттерінің діни ұстанымы, Мәураннахрда өркен жайған ханафи мектебінің тарихи маңызы мен мәнін ашуды көздедік. Ол үшін тарихи-хронологиялық, логикалық және танымдық, жүйелеу әдістері, сонымен қатар, жалпы ғылыми зерттеу және дінтанулық, саяси ілім мен құқық тарихын зерттеу әдістері, кросс-мәдени талдау т.б. әдістер қолданылды. Басқаша айтқанда, ғылыми ақпаратты талдауда объективті ақиқатқа жету, жалпы мемлекеттік даму, адам құқықтарының құрметтелуі көзқарасының басым болуын назарда ұстадық.

Ханафи мәзһабының Орталық Азияға таралу негіздері

Мәураннахр кеңістігіне ислам дінінің таралуы ұзақ уақытты қамтыды. Қазақ даласына ислам діні 751 жылғы Тараз маңындағы Атлах деп аталатын мекендегі қытай және араб әскері арасындағы соғыстан кейін, яғни VIII ғасырдың орта тұсынан бастап қарқынды түрде тарай бастады. Әсіресе, X-XIII ғасырлар аралығында Қазақстанның оңтүстік аумағы мұсылман өркениетінің ажырамас бөлігіне айналды.

Тарих деректерде 960 жылы Жетісуде 200.000 түтін түркінің (қарлұқтар) ислам дінін салтанатты түрде қабылдағаны белгілі [Ibn-ul Esir, 1997, 396 б.]. Аталмыш тарихи оқиға Орталық Азиядағы алғашқы түркі мұсылман мемлекетінің бірі – қарахандықтардың тарихымен байланысты. Қарақан билеушілері Сатұқ Боғра хан мен оның ұлы Мұса қаған ислам дінін мемлекеттік дін ретінде бекітті [Ozaydin, 1999, 407 б.]. «Жалпы алғанда, «мұсылман ренессансы» тұсында түркілер де биік жетістіктерге қол жеткізді. Ал кейінірек түркілердің исламды таратуда оғыздардың, селжұқтардың, ғазнауилердің, Алтын орданың, сондай-ақ халифат тізгінін қолға алып, ислам аманаттарын бүгінге дейін сақтап жеткізуде османлылардың да орны орасан зор болды.

Зерттеуші Б. Сатершинов: «X ғасырда Самани әулеті билік сахнасынан кеткеннен кейін Орталық Азияда түркілерден шыққан билеуші –Қараханидтер, Селжүктер мен Ғазнауилер мұсылман қауымының қалыптасуына үлкен ықпал етті. Кейін Мәураннахр мен Түркістан арасында имани байланыс күшейді. Бұқара мен Самарқанд, Өзгенд, Ахси-кент, Марғинан, Қашқар, Баласағұн, Тараз, Сығанақ, Испиджаб және т.б.

қалалар ірі дін орталықтарына айналды. Қарахан әулеті Ханафилік дәстүрді қолдады» [Сатершинов, 2013, 146-150 бб.]. деген пікір айтады.

Дінтанушы О. Сәмет те ислам діні ежелгі түркілердің рухани құндылықтарымен біте-қайнасуымен Орталық Азияға сіңісті деген пікірді айтады. Алғашқыда Аббас әулеті халифаты билігіне қарасты Тұлын (868-905), Саж (890-929), Ихшид (935-969) сияқты жартылай тәуелсіз түрік саяси биліктерінің артынан Еділ-Бұлғар хандығы (922 ж. ислам дініне кірген), Қарахан (840-1212) билігі, Ғазнауи (963-1186), Селжұқтар (1038-1194) және Хорезмшах (1092-1221) мемлекеттері сияқты өте маңызды түркі-ислам мемлекеттері пайда болды. Сондай-ақ, тамыры тереңде жатқан дәстүрлі түркілік дүниетанымның исламмен біте қайнасуы нәтижесінде жаңа түркі-ислам мәдениеті мен өркениеті қалыптасты [Сәмет, 2017, 92 б.].

Негізінде, Әбу Ханифа VIII ғасырда Куфада негізін салған фикһ мектебінің Орталық Азияға енуі, Аббаси дәуірінен бастап, Самани, Қарақан, Селжұқ, Хорезмшах, Алтын Орда, Темір мемлекеттеріне дейін жалғасты. Ислам діні Мәреннахрға VIII-X ғасыр аралығында Ханафи мәзһабымен қатар шиғалық Кайсани-Мубайди, Кармати, Исмайли және Имам Бұқари бастаған хадис мектебінің өкілдері, Аббаси халифалары қолдаған Муғтазила, Ташкентті орталық еткен Шафиғи мәзһабтары арқылы таралды.

Самани (875-999) және Қарақан (940-1211) дәуірінде Орталық Азия халқының басым көпшілігі ислам дінін қабылдап, өзге діни ағымдарды тәрк ете отырып, Ханафи мәзһабына таңдау жасады. Ханафи мәзһабының Орталық Азиядағы басымдығы одан кейінгі Хорезмшах, Алтын Орда, Темір, Моғолстан, Шайбани және Қазақ хандығы дәуірлерінде де дәстүрлі жалғасын тапты. Мысалы, тарихшы А.Избайров өз зерттеуінде Самани және Қарақан дәуірінде Мәуреннахр мен Түркістанның негізгі ірі орталықтарында Ханафи мәзһабының кең етек жайғанын атап өтеді [Избайров, 2013, 13 б.].

Алғашында Омая (662-752) халифаты тұсында мәуали (араб емес) ғалымдар шетқакпай көріп, олар арабтан шыққан ғалымдармен салыстырғанда көрер-көзге төмендетілді. Халиф сарайында көбіне-көп арабтан шыққан фақиһтерге құрмет көрсетілді [Әділбаев, 2010, 15 б.]. Ал, Омаядан кейін билік тізгінін қолына алған Аббаси (752-1259) билеушілері ұлттық алалаушылықты жойып, мәуали ғалымдарды да қазылық қызметке тартты. Тіпті, кейде мәуали ғұламаларға халифаттағы басты-басты діни қызметтер берілді. Аббаси билеушілерінің бұл ұстанымы шыққан тегі парсы Имам Ағзам негізін қалаған Ханафи мәзһабының өркендеуіне жол ашты.

Аббаси дәуіріндегі сан-алуан текетіресте Ханафи мәзһабының басым болуына билеушілердің саяси қолдауы екіпінді әсер етті. Мысалы, Аббаси халифалары Махди (775-785) және Харун-Рашид билік құрған (786-809) жылдары Әбу Ханифаның шәкірттері қазылық қызметке тартылды. Соның бірі Имам Ағзамның бел шәкірті – Әбу Юсуф (731-798) еді. Оны халиф Махди 782 жылы Бағдаттың қазысы етіп тағайындады. Кейін Харун-Ра-

шид те оны қазылық қызметті жалғастыруын құптады. Әбу Юсуф өмірінің соңғы 16 жылын Аббаси халифатының астанасы Бағдатта бас қазы қызметін атқарды. Әбу Юсуфтен кейінгі Бағдаттың қазысы болған Әсад ибн Амр Куфий де (798-805) Имам Ағзам Әбу Ханифаның шәкірті еді.

Жалпы, Аббаси халифалары Имам Ағзамның 14 шәкірті қазылық қызметке тағайындады. Халифатта Ханафи фикһының дамуына қолдау көрсетті. Халифа Харун-Рашид Имам Ағзамның бел шәкірті шәкірті Мұхаммед Хасан аш-Шайбаниді (749-805) де Қорасандағы Рай қаласына қазы етіп тағайындады. Мұхаммед Хасан аш-Шайбанидің Мәреннахрға көрші Қорасанға келіп, осында шәкірттер тәрбиелеуі, Ханафи мәзһабының Орталық Азияға таралуына өз септігін тигізді [Bedir, 2014, 25-32 бб.].

Ханафи мәзһабының Орталық Азияға таралуына Мұхаммед аш-Шайбанидің тигізген ықпалы жөнінде зерттеуші М.Исахан былай деп ой қорытады: «Имам Ағзам Әбу Ханифа өмір сүрген Ирактағы Куфа қаласы Иран мен Қорасан және Анатолия өңірімен шектесетін еді. Әбу Ханифаның көзі тірісінде-ақ оның бай ілімі таяу маңдағы елдерге тарала бастады. Әсіресе, Имам Ағзамның шәкірті Мұхаммед аш-Шайбанидің Қорасан аймағына Аббаси билігі тарапынан қазы болып тағайындалып, оның осында шәкірттер тәрбиелеуі, Ханафи мәзһабының Орталық Азия мен Үндістанға таралуына септігін тигізді. Сондай-ақ, Имам Ағзам Әбу Ханифа және оның шәкірті Мұхаммед аш-Шайбани мәуали (араб емес) ғұлама болатын. Осы себептен де Ханафи мәзһабы араб емес ұлттар арасында кеңінен таралды» [Исахан, 2017].

Мұхаммед аш-Шайбанидің шәкірттері Әбу Сүлеймен Жужжаний (815 қ.б) мен Әбу Хафс Кабир (767-831) Ханафи мәзһабын Мәуреннахрға таратқан еді. Әсілі, Имам Ағзамның өз шәкірті саналатын Абдулазиз ибн Халид ибн Зияд Тирмизи, Шурайк ибн Абдолла ибн Синан Нахайи Куфий, Әбу Ибрахим Мухаммед Қасым Асади де Мәреннахрда қазылық қызмет атқарған еді. Сондай-ақ, Ханафи мәзһабының өкілдері – Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Фазл ибн Атия Маруази (796 қ.б), Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Салам Байқандий (840 қ.б), Мужахид ибн Амр (VIII ғ), Әбу убайд Исқақ ибн Бишр Бухарий (821 қ.б), Осман ибн Хұмайд (VIII ғ), Әбу Яқуб Исқақ ибн Ибрахим Ханзалий Маруазий (777-852), Муғира ибн Муса Хорезмий (VIII ғ) және т.б. ғұламалар да Мәуреннахрда әртүрлі діни қызметтер атқарумен Ханафи мәзһабының дамуына өз үлестерін қосты [Кабаксі, 1976, 32-39 б.].

VIII ғасырдың аяғы мен IX ғасырда Мәуреннахр қалаларында негізінен Ханафи фикһ ғұламалары қазылық қызмет атқарды. Алғашында Аббаси кезеңінде Нух ибн Әбу Мәрием (789 қ.б) Мервті, Әбу Мути Балхий (814 қ.б) Балхты Ханафи мәзһабының орталығы қылса, Әбу Хафс Кабир (767-831) және оның ұлы Әбу хафс ас-Сағири (877 қ.б) Бұқара қаласын Ханафи мәзһабының ордасы етті. Әбу Хафс ас-Сағири Қорасан әміршісі кейін Самани билеушісі болған Исмайыл бин Ахметтен қолдау көріп, Бұқараны Мәуреннахрдағы Ханафи мәзһабының орталығы етті [Аминов, 2017, 35-38 бб.].

Мәуранахрдағы Ханафи фикһ мектептерінің пайда болуы

Бұқара фикһ мектебі өкілдерінің Самани билеушілерімен жақын қатынаста болуы, кейін Ханафи мәзһабының Мәуреннахрда ғана емес, Самани мемлекетінде барлық аумағында кеңінен таралуына мүмкіндік тудырды. Қарақан (940-1211) мемлекеті ІХ ғасырдың екінші жартысында күшейіп, Самани мемлекетін 999 жылы құлатты. Мәуреннахр аумағын толық өз уысында ұстаған Қарақан билеушілері Аббаси дәуірінен басталған Орталық Азиядағы Ханафи фикһ ілімінің дамуына қолдау көрсетті [Іnan, 1931, 47-52 бб.].

Самани, Ғазнауи және Қарақан мемлекетінен тыс Хорезм мен Арал теңізінің төңірегін мекендеген халықтарға ислам дінінің таралауына Мәмуни (995-1017), Алтунташ (1017-1041), Хорезмшах (1097-1228) мемлекеттерінің де ықпалы болды. Бұл мемлекеттердің де ислам дінінің таралуына мейлінше әсері мол болған. Мысалы, Хорезм өлкесіне жататын Кердері қаласынан қаншама ислам ғұламалары шықты [Bayram, 2017, 12-13 бб.].

Қарақан билеушілері Бұқарамен қатар Самархандты да Ханафи мәзһабының орталығы етті. Қарақан билеушісі Ибрахим Тамғаш Бұғра хан (1041-1068) және оның ұлы Шамсилмулук хан (1068-1080) Самархандта Ханафи ақидасы мен фикһын үйрететін көптеген медреселер салды. Қарақан дәуірінде Ханафи мәзһабының дамығаны соншалықты Бұқарада «Садр» Ханафи мектебі, ал Самархандтағы «Жузжанийя» және «Йадийя» атты өз әдіснамасы бар Ханафи мектептері болды [Муминов, 2015, 126-130 бб.]. Осылайша, Орталық Азияда Ханафи мәзһабының медреселері қалыптасты.

Х ғасырдан бастап Мәуреннахр мен Түркістан өлкесінде Ханафи мәзһабы басымдыққа ие болды. Қоғамдық қатынастарды реттеу Ханафи фикһына негізделді. Самани мен Ғазнауи және Қарақан мемлекеттері Ханафи ғұламаларына қолдау көрсетті. Бұл дәуірлерде Ханафи мәзһабының Орталық Азияда кең етек жайғанын Абу Муин Насафи: «Мерв, Балх және басқа да Қорасан мен Мәуреннахр өлкесі сенімдік және фикһтық мәселелерде Әбу Ханифаның үкімдеріне жүгінді» [Nasafi, 1993, 23-24 б.], деп жеткізеді. Тіпті, ибн Яһия осы дәуірде әлем елдерінен әһлу сунна ілімін іздеушілердің Балх, Самархан, Бұқарадағы Жузжания мен Иадия медреселеріне келгенін баяндайды (Ибн Яһья, 1961, б. 15). Орталық Азиядағы ханафи фикһын үйреткен медреселердің ислам өркениетіне қосқан үлесін тарихшы Ә.Муминов те өз зерттеуінде айырықша атап өтеді [Муминов, 2015, 126-136 бб.].

Ханафи мәзһабының Орталық Азияға таралуының саяси себептері зерттеушілер тарапынан әлі кешенді талданбаған тың тақырып. Имам Ағзам Әбу Ханифаның жолын ұстанушылардың Герат, Балх, Бұқара, Самарқан және т.б. Орталық Азия қалаларында қазылық қызмет атқаруы, сондай-ақ, Аббаси, Самани, Ғазнауи, Қарақан мемлекет басшыларының Ханафи мәзһабы өкілдеріне қолдау көрсетуі, бұл мәзһабтың Мәуреннахр

мен Түркістан аумағына таралуына және орнығуына өз септігін тигізді. Ханафи мәзһабының Орталық Азияда дара діни мектепке айналуына саяси қолдаулар әсер етті.

Нақтырақ айтар болсақ, Аббаси халифтары Имам Ағзам шәкірттерін Қорасан мен Мәууреннахр қалаларына қазы етіп тағайындау арқылы Ханафи мәзһабының осы аумаққа таралуына ықпал етті. Ал, Самани және Қарақан билеушілері Ханафи фикһімен қоғамдық қатынастарды оң реттеп, медреселер салып, Имам Ағзамның жолын ұстанушыларды қазылық қызметке тағайындап, Орталық Азияда Ханафи мәзһабының нық орнығуына жағдай жасады. Ханафи мәзһабы саяси қолдаудың арқасында Орталық Азияға кең қанат жайды. Осының арқасында Орталық Азиядағы бүгінгі күні Тәжікстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Қазақстан мемлекеттерінің мұсылмандары діни мәселелер бойынша Ханафи мәзһабының ережелеріне мойынсұнып, ортақ діни үндестікте өмір сүріп келеді.

Мәураннахрдағы ханафи мәзһабының өкілдері

Қарақан дәуірін жан-жақты зерттеген белгілі тарихшы Зия Кабакшы Мәураннахрда Ханафи мәзһабының 300-ден астам өкілінің шыққанын айтады. Олар 350-ден астам кітап жазып, 20 фәтуа жинақтарын шығарған. Орталық Азиядан өзге мәзһаб өкілдері емес, Ханафи мәзһабынан осыншама өкілінің шығуы, сөз жоқ Қарақан дәуірінде бұл мектептің салтанат құрғанын әйгілейді.

Имам Ағзам мәзһабының Орталық Азиядағы алғадай өкілі ретінде Әбу Лейс Самархандиді (983 жылы қайтыс болған) атап өтуімізге болады. Ол Мәураннахрда алғаш болып Имам Ағзам Әбу Ханифаның құқықтық үкімдеріне шарх жазды. Әбу Лейс Самархандидің осы тұрғыдағы «Шархи Фикһул Акбар», «Хизанатул фикһ», «әл-Фатауа» атты сүбелі еңбектерін атап өте аламыз.

Ханафи мәзһабының құқықтық үкімдерін кодификациялаған Бұрханаддин Маргинани еді. Ол 1123 жылы Ферғана жазығындағы Риштан қаласында дүниеге келді. Бұрханаддин Маргинани жас кезінде Орталық Азияның ірі діни орталықтары Маргинани, Самарқан, Бұқарада білім алып, Нажм ад-дин Абу Хафса ан-Насафи, Хусам ад-дин Омар ас-Сарахси, Абу Омар ибн Али Пайкенди, Ахмада ибн Абд ар-Рашид ал-Бухари секілді ғұламалардың еңбектерімен танысып, кейін өзі «Нашр әл-мәзһаб», «Бидоатул-Мубтадит» атты еңбектерді жазды. Бірақ, оның еңбектерінің ішінде шоқтығы биік туындысы деп Имам Мұхаммед Шайбанидің «Кіші жинағын» негізге ала отырып жазған «Китаб ал-Хидая» атты төрт томдық еңбегін айтуымызға болады. Осы еңбектегі фикһ үкімдерін Орталық Азия мұсылмандары қоғамдық қатынастарды реттеудегі басты құқықтық өлшем ретінде негізге алған. Бұны XVI ғасырда өмір сүрген атақты Бабырдың өзінің мемуарлық (Бабырнама) шығармасында: «Біздің заманамыздағы ең маңызды кітап «Хидая» – деп атап көрсетуінен біле аламыз.

Орталық Азиядағы Ханафи мәзһабының ірі өкілдерінің бірі – Әбубәкір Мұхаммед ибн Әбу Сахл Ахмед ас-Сарахси (1009-1090) еді. Ол жас күнінде Ханафи мәзһабының өкілі әл-Халбанидің шәкірті бола жүріп, бұл мектептің теория-методологиясын терең меңгереді. Сарахси Иранның Орталық Азиямен шектесетін тұсындағы Сарахси қаласында туылғанымен, Қарақан билеушісі Әмір Хасан қағанның халыққа шектен тыс салған алым-салығына қарсы шыққаны үшін Өзгент қаласына жер аударылып, өмірінің көп уақытын зынданда өткізеді. Қапаста жатып атақты отыз екі томдық шығармасы «Әл-Мабсудты» жазып шығады. Жалпы, Имам Ағзам мәзһабының құқықтық методологиясын танып білу үшін Сарахсидің «Әл-Мабсудын» айналып өту мүмкін емес.

Сарахсидің замандасы Бәздәуи қаласында туылған Әбу Хасан Ати ибн Мұхаммед Бәздәуи (1009-1089) де Ханафи мектебінің теория-методологиясын дамытушы ғұламалардың бірі саналады. Деректерде оның жас кезінде хадис ғылымымен көп шұғылданғандығы айтылады. Кейін әл-Бәздауи «Усулу-фикһ» ілімі бойынша Самархан медреселерінде дәріс береді. Ол Кашта қайтыс болғанымен, сүйегін әкеп Самарханға жерлейді. Оның «Усули Бәздауи» және «Китабул-Мабсут» атты Ханафи мәзһабының теория-методологиясына арнап жазған трактаты Имам Ағзам мектебінде әлі маңыздылығын жоймаған сүбелі еңбек болып есептеледі.

Орталық Азиядағы Ханафи мәзһабының мықтап орын тебуіне өлшеусіз үлес қосқан тағы бір ірі тұлға – Әбу Зайд ад-Дабуси еді. Ол Самархан мен Бұқараның ортасындағы Дабуси қаласында туылған (980-1043). Әбу Зайд ад-Дабуси көзі тірісінде-ақ Орталық Азияда ірі ғұлама ретінде мойындалған. Оның Ханафи мәзһабының «Жеті ұлы қазысының» бірі ретінде даңқы шықты. Ад-Дабуси негізінен фикһ ғылымының теориясымен шұғылданды. Ол фикһтағы 100-ге жуық шешімін таппаған тақырыптарды таңдап алып, бүкіл ғұмырын осы мәселелердің түбегейлі шешімін табуға жұмсады. Оның бұл тақырыптарға жасаған тұжырымы «Илим усуль әл-фикһ» атты еңбекте көрсетілген. Әрине, Қарақан дәуірінде Орталық Азиядан шыққан Имам Ағзам мәзһабының өкілдерінің тізбегін одан арықарай да жалғастыра беруге болады. Бірақ, жоғарыда аты аталған бес тұлға бір Орталық Азия емес, мұқым ғаламда Ханафи мәзһабының мәртебесі биік болуына еңбек сіңірген мәшһүр факиһтар саналады. Яғни, кімде-кім осы бес тұлғаның еңбектерін оқып шықса, Имам Ағзам мәзһабының артықшылықтарын толық танып біле алады.

Ханафи мәзһабының Мәуреннахрдан шыққан тағы жарық жұлдызы Әбу Бәкір бин Мәсғсуд бин Ахмет Алауиддин Касани (1191 қ.б) еді. Ол жас күнінде «Түһфат-ул-фуқаһа» және «Усул» кітаптарының авторы Алауиддин Мұхаммед бин Ахмет ас-Самархандиден фикһ ілімін үйренеді. Ал, ас-Самарханди атақты Бәздәуидің шәкірті еді. Алауиддин Касани ұстазының «Түһфат-ул-фуқаһа» кітабына шарх жазып, ол шығармасын «Бәдауи-ус-санайи фит-тартиб-иш-шарайи» деп атады. Ол ұстазының қызына үйленіп, оған күйеубала болды. Алауиддин Касани мұсылман елдерін аралап, Кони-

яда кейін Халефке келіп тұрды. Ондағы «Халауийа» медресесінде өмірінің соңына дейін фикһ ілімінен дәріс берді [Исахан, 2016].

Орталық Азия және Қазақстанға Ислам дінінің сунниттік доктринасының орнығуына еңбек сіңірген бірінші тарихи тұлға ретінде Имам Матуридиді ауызға аламыз. Әбу Мансұр б. Мұхаммед әл-Ханафи ас-Самарханди әл-Матуриди (870-944) Самархан маңындағы Матурид қаласында дүниеге келген. Ол фикһ теориясын Самархандағы Ханафиттік құқықтанушылардан үйренді. Кейін, осы өзі осында фикһ пен қаламнан дәріс берді. Әл-Матуридидің қаламдық көзқарастары алғашқыда тек Мәуреннахрға ғана тарайды. Зерттеуші Захид әл-Кәусари «Ишаратул-Мәрам» атты шығармасының кіріспесінде былай дейді: «Мәуреннахр өлкесі бидғат пен бұзықтықтан ұзақ бір өлке еді. Бұл аймақтағылар Сүннетті берік ұстанатын. Бұл жерлерде хадистер ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде қалдырылатын. Алайда, Имам Матуриди деген ғалым шығып, ол әрбір мәселеге өзінше дәлелдер келтіре бастады. Ол, шарифат үкімін және өзінің ақылымен де үкім беретін». Осы шығарманың тағы бір жерінде Имам Матуриди туралы мынандай сөздер айтылған: «Матуриди бұл шығармаларды Имам Ағзамның еңбектерін өзінің еңбектерінде нақты дәлелдер келтірумен және жеке-жеке бөліп қарастырып түсіндірме жасаған». Яғни, Захид әл-Кәусаридің айтуынан біз Имам Матуридидің Имам Ағзамның сенімдік көзқарастарын індетте зерттеп, оның ізашары болғандығын ұға аламыз. Имам Матруди Имам Ағзамның шығармаларынан тыс қалған сенімдік мәселелерді көзге шұқып көрсетіп, оларға өзінің көзқарастарын айтты. Оның сенімдік тақырыпқа ең басты әкелген жаңалығы, шарифат негіздерін бұзбастан, ақидаға ақыл мен қисын арқылы дәлел келтіруді еді.

Имам Матурди өзінің ерекше үңіліп зерттеген сенімдік мәселелеріне қатысты мынадай шығармалар жазды: «Китабу тәуили-Құран», «Китабу маһазиш-шарай», «Китабул-жәдал», «Китабул-усул фи усулид-дин», «Китабул-макалат фил-калам», «Китабүт-тәухид», «Радду әуайлил-әдилла лил-Каби», «Радду таһзибил-жәдал лил-Каби», «Китабу радди усулил-хамса», «Радду китабил-Имама», «әр-Рад алаал-Карамита».

Имам Матуридиден кейін ханафи-матуридия доктринасын дамытушы Абул-Муин ән-Насафи (1114 жылы қайтыс болған) десек асыра айтқандық емес. Ол Орталық Азиядан шыққан Матурди мектебінің сенімдік негіздерін одан арықарай дамыту үшін көптеген комментарий (түсіндірме) кітаптар жазды. Оның еңбектерінің ішіндегі шоқтығы биік шығармасы «Тамхид» еді. Кейінгі матуриди мектебінің өкілдері сенімдік мәселелерде негізінен осы «Тамхидті» басшылыққа алады [Сатыбалдиева, 2016, 163-164 б.].

Қорытынды

Имам Ағзам Әбу Ханифа өмір сүрген Куфа қаласы және оның шәкірті Әбу Юсуфтың Бағдат қаласында бас қазы болып қызмет етуі, ха-

нафи мәзһабы өкілдерінің Ирак жерінде дамуына, сондай-ақ, халифат билеушілерінің қолдауына ие болуына түрткі болды. Әбу Юсуфтың бас қазы қызметін атқаруы, осының негізінде Аббаси билеушілерінің ханафи фақиһтарына оң көзбен қарауы, бұл мәзһабтың Қорасан мен Мәураннхрға жылдам таралуына ықпал етті. Ал, Имам Ағзам Әбу Ханифаның шәкірті Мұхаммед аш-Шайбанидің Қорасанда қазылық қызмет атқарып, шәкірттер тәрбиелеуі, фикһ ілімін терең меңгерген ізбасарларының Мәураннахр қалаларында қазылық қызмет атқаруы, ханафи мәзһабының Орталық Азияда біржола орнығуына әсер етті. Қорасан мен Мәураннахрда құрылған Самани және Қарақан мемлекеттерінің басшыларының ханафи мәзһабына қолдау көрсетуі, осы аймақта Әбу Ханифа негізін қалаған фикһ мектебінің салтанат құруына себеп болды. Яғни, ханафи мектебі өкілдерінің құқықтық үкім беруде жергілікті халықтың әлеуметтік өмірімен санасып, әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуі секілді факторлармен қатар, ханафи фақиһтарының сот саласында мемлекет басшыларының саяси қолдауына ие болуы, бұл мәзһабтың Мәураннхрда тамырын тереңге жіберуіне негіз болған еді.

Әдебиеттер

- Аминов, Х. & Примов, С. 2017. ‘Ханафи фикһи тарихи, манбалари ва истилахлари’, Ташкент, Нашрият, 400 б.
- Abdulkadir, İ. 1931. ‘Orun ve Ülüş Meselesi’, Türk Hukuk ve İktisat Tarihi Mecmuası, İstanbul, 431 s.
- Әділбаев, А. & Әділбаева, Ш. 2014. ‘Әбу Ханифа және Ханафи мәзһабы’, Алматы, Көкжиек, 400 б.
- Избайров, А. 2013. ‘Ислам в Казахстане’, Алматы, Дәуір, 260 б.
- Ibn-ul, E. 1987. ‘Kamil at-tarih’, 8 cilt, Istanbul, Bahar yayinlari, 414 s.
- Ibrahim, B. 2007. ‘Hafizuddin Muhammad el-Bezzazi hayati ve el-fetava adli eseri isiginda fihki gorusleri’, Istanbul, Marmara universitesi, 204 s.
- Kabakci, Z. 1976. ‘Karahanlilar devrinde islam hukuksilari’, Ataturk Universitesi, Erzurum, Islam ilimler Fakultesi Yayinlari, 322 s.
- Муминов, А. 2015. ‘Ханафитский мазһаб в истории Центральной Азии’, Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 400 с.
- Мұхан, И. 2017. ‘Орталық Азия кеңістігінде Ханафи мәзһабының қандай тұлғалары өмір сүрді?’, [Электронды ресурc] URL <https://qalam.kz/featured-item/tarih/item/741-ortaly-aziya-ke-istiginde-khanafi-m-z-abyny-andaj-t-l-alary-mir-s-rdi> (Қаралған күн 01.01.2019)
- Мұхан, И. 2017. ‘Ханафи мәзһабының кең таралуының негізгі себептері’, [Электронды ресурc] URL <http://taglym.kz/blogs/tarikh/item/1731-khanafi-m-z-abyny-ke-taraluyny-negizgi-sebepteri.html> (Қаралған күн 01.01.2019).
- Murteza, B. 2014. ‘Buhara hukuk okulu’, Istanbul, ISAM, 256 s.
- Nasafi Abul Muin ibn, M. 1993. ‘Tafsiratul-adilla fi usuluddin’, Ankara, 369 s.
- Оқан, С. 2017. ‘Өркениеттер қақтығысы және исламдағы диалогтық дискурc (Әбу Ханифа мәзһабы қайнаркөздері негізінде)’, диссертациялық жұмыс, Алматы, 137 б.

Ozaydin, A. 2012. 'Karahanlilar', TDV Islam Ansiklopedisi, 24 cilt. 588 s.

Saterşinov, B. 2013. 'Қазіргі Қазақстан территориясындағы ислам тарихы', *Зайырлы мемлекеттегі діннің рөлі: Қазақстан дінтанушылардың III Форум материалы*, Астана, 179 б.

Сатыбалдиева, А. 2016. 'Саяси, кәламдық және фикһтық мәзһабтар тарихы', Алматы, 232 б.

Transliteration

Aminov, H. & Primov, S. 2017. 'Hanafi fiqhı tarıhı, manbaları va ıstılahları' [The History, Sources and Conquests of Hanafi Jurisprudence]. Tashkent, Nashriyat, 400 b.

Abdulkadir, İ. 1931. 'Orun ve Ülüş Meselesi' [The Issue of the Nation and Country]. *Türk Hukuk ve İktisat Tarihi Mecmuası*, İstanbul, 431 s.

Ádilbaev, A. & Ádilbaeva, Sh. 2014. 'Ábý Hanıfa jáne Hanafi mázhaby', [Abu Hanifah and the Hanafi Madhhab]. Almaty, Kókjiek, 400 b.

Izbarov, A. 2013. 'Islam v Kazahstane' [Islam in Kazakhstan]. Almaty, Dáyir, 260 b.

Ibn-ul, E. 1987. 'Kamil at-tarih' [Kamil Horse-History]. 8 cilt, Istambul, Bahar yayinlari, 414.

Ibrahim, B. 2007. 'Hafizuddin Muhammad el-Bezzazi hayati ve el-fetava adli eseri isiginda fihki gorusleri' [Hafizuddin Muhammad al-Bezzazi Vital and the Views of Al-fetava], Istanbul, Marmara universitesi, 204 s.

Kabakci, Z. 1976. 'Karahanlilar devrinde islam hukuksilari' [Islamic Law of the Karahanlilar Era], Ataturk Universitesi, Erzurum, Islam ilimler Fakultesi Yayinlari, 322 s.

Mýminov, A. 2015. 'Hanafitskıı mazhab v istorıı Tsentralnoı Azıı' [Hanafi Madhab in the History of Central Asia] Almaty, Qazaq entsiklopedııasy, 400 s.

Muhan, I. 2017. 'Ortalyq Azııa keńistiginde Hanafi mázhabynyń qandaı tulǵalary ómir súrdi?' [In the Central Asian Region, What Were the People of the Hanafi Madhhab?]. [Elektrondy resýrs] <https://qalam.kz/featured-item/tarih/item/741-ortaly-aziya-ke-istiginde-khanafi-m-z-abyny-andaj-t-l-alary-mir-s-rdi> (Qaralǵan kún 01.01.2019).

Muhan, I. 2017. 'Hanafi mázhabynyń keń taralýynyń negizgi sebepteri' [The Main Reasons for the Wide Spread of the Hanafi Madhhab]. [Elektrondy resýrs] <http://taglym.kz/blogs/tarikh/item/1731-khanafi-m-z-abyny-ke-taraluyny-negizgi-sebepteri.html> (Qaralǵan kún 01.01.2019)

Oqan, C. 2017. 'Órkenıetter qaqtyǵysy jáne islamdaǵy dialogtyq diskýrs (Ábý Hanıfa mázhaby qanarkózderi negizinde)' [Clash of Civilizations and Islamic Dialogue on Discourse (Based on the Sources of Abu Hanifah's Sources)] *Dıssertatsııalyq jumys*, Almaty, 137 b.

Ozaydin, A. 2012. 'Karahanlilar' [Karahanlilar]. TDV Islam Ansiklopedisi, 24 cilt. 588 s.

Saterşinov B. 2013. 'Qazirgi Qazaqstan territorıasyndaǵy islam tarıhy' [Islamic History in the Territory of Modern Kazakhstan]. *Zayırlı memlekettegi dınnıń róli: Qazaqstan dıntanıshylardıń III Forým materialy*, Astana, 179 b.

Satybaldieva, A. 2016. 'Sasıı, kálamdyq jáne fıqhtyq mázhabtar tarıhy' [The History of Political, Moral, and Fiqh Mecca], Almaty, 232 b.

Murteza, B. 2014. 'Buhara hukuk okulu' [Bukhara Law School]. Istanbul, ISAM, 256 s.

Nasafi Abul Muin ibn, M. 1993. 'Tafsiratul-adilla fi usuluddin' [Tafsiratul-Adilla fi Proceduddin]. Ankara, 369 s.

Резюме

Сатыбалдиева А., Исахан М., Шагирбаев А. Политические предпосылки возникновения религиозной школы Ханафи в Маураннахре и причины ее развития

Хотя Центральная Азия изначально была религией ислама, распространяющейся через различные религиозные и религиозные позиции, школа Ханафи начала развиваться в восемнадцатом и пятнадцатом веках при политической поддержке в эпоху саманидских и караганских государств. Эта религиозная школа, основанная имамом Аззамом Абу Ханифой в Куфе, Ираке находилась под влиянием нескольких оптимальных факторов на земле Маураннахр. По умолчанию судьи династии Императора были назначены администрацией мечети Ханафи, что позволило религиозной школе процветать. Причина в том, что присяжные в исламе были уникальным институтом, который регулировал общественные отношения. Правовые и теоретические принципы представителей Ханафи, которые самостоятельно выполняли эту функцию, завоевали господство в Центральной Азии. Кроме того, особенности верховенства права на основе местных социальных, экономических предпосылок и традиций в ханафитском мазхабе также способствовали широкому распространению в Маураннахре.

Ключевые слова: ислам, мазхаб, ижтихад, приговор, шариат, суд, судья, кияс, урф, адаб, хила.

Summary

Satybaldiyeva A., Issakhan M., Shagirbayev A. The Political Background of the Emergence of the Hanafi Religious School in Maurannahr and the Reasons for its Development

Although Central Asia was originally the religion of Islam spreading through various religious and religious positions, the Hanafi school started to celebrate in the eighteenth and fifteenth centuries with political support in the era of the Samanid and Karagan states. This religious school founded by Imam Azzam Abu Hanifah in Kufa, Iraq, was influenced by several optimal factors in the land of Maurannahr. By default, judges of the Emperor's Dynasty have been assigned to the administration of the Hanafi mosque, which has allowed the religious school to thrive. The reason is that the jury in Islam was a unique institution that regulated social relations. Legal and theoretical principles of the Hanafi representatives, who have undertaken this function independently, have gained dominance in Central Asia. In addition, the peculiarities of the rule of law on the basis of local social, economic prerequisites and traditions in the Hanafi Madhhab also contributed to the wide spread of Maurânakh.

Keywords: Islam, Mazhab, Izhtihad, Law, Sharia, Judge, Kiyas, Urf, Adab, Trick.